



Тәуелсіздікке – 25 жыл

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Қарағанды облысының 80-жылдық мерейтойлары қарсаңында, халықаралық кітап күні мерекесіне орай, Н.В Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының акциясын қолдай отырып, 2016 жылғы 29 сәуірде Теміртау қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Кітапхана түні» өткізді.

Моншақтардан сырға мен білезіктер, декупаж, резинкадан әдемі бұйымдар тоқуды көрсетті. Сонымен қатар, хош иісті жаны сүйетін адамдарға қалай иіс су таңдау керек екенін Қ. Жукушева айтып берді. Бұл аймақта бос орын болмады деп айтуға болады. Қызығушылық танытып келген әрбір қатысушыға өте жоғары деңгейде қызмет көрсетілді.

Акцияға қатысушыларды холлда сыған қызы алдап – арбап «Там на неведомых дорожках Библио – Яга» бөлмесіне кіргізіп отырды. Ол жерде «Найти заклинание» ойыны ойнатылып, Библио-Яга кітап арқылы бал ашты. Қатысушыларға өте қызықты болғаны соншалықты, қайтадан кіруге ықылас білдірді.

«Попкорнсыз кино». Бұл жерде кітапханашы С.Г Махаева үртегілер мен фильмдерден үзінділер көрсетіп, олардың аттарын табуды талап етті. Балалармен қоса ата-аналарда жылдам әрі дұрыс жауап беруге талпынды.

Ең қорқынышты өрі қызықты жер «Қорқынышты бөлме» болды. Бұл бөлмеге кірген адамды ақ киім мен қорқынышты бетперде киген кейіпкерлер қарсы алды. Қатысушылар балауыз майшамды

«Кітапхана түні» тойланды



айғайлап өшіріп отырды. Бұл дауыстан сыртта күтіп тұрған адамдардың одан сайын қорқынышы пен қызығушылығы артты.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған викториналық сұрақтарды кітапханашы Шаухарова Жұлдыз «Кітапхана барында» оқырмандарға қойды. Сұраққа дұрыс жауап бергендерге салқын сусын таратылды.

Қаншалықты кітапты көп оқимыз, қаншалықты ол есімізде қалды деген мақсатта «Кітапты тап» бұрышы ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар С.Ахметова мен Г.Шуганова теріс жағында кітап пен авторы туралы қысқаша мағлұматтар жазылған кітаптарды оқырмандарға ұсынды. Жас оқырмандарымыз білімділіктерімен көзге түсті.

«Библио дерево». Бұл бұрышта ағаш және әртүрлі ленталар тұрды. Ленталардың түрлері кітап жаңын білдіреді. Кітапхана қызметкері А.Кнашина келген қонақтарға қандай жанрдағы кітапты жақсы көретінін сұрап, соған байланысты ленталарды ағашқа байлауды ұсынды. Кеш соңында оқырмандарымыз романды көп оқитынын білді.

Вестибюльде фотоға түсуге арналған арт-бұрыш бір ай бойы дайындалды. Кітаптардан жасалған «Библиомен» мен көбелектермен көмкерілген көйлегі бар қыз қонақтардың қызығушылығын арттырды.

Естелікке фотоға түсушілер өте көп болды.

Әрбір аймақта сұрақтарға дұрыс жауап берген, ойындарға белсене ат салысқан қатысушыларға «библиотенге» берілді. Ол теңгемен «Кітапхана дүкенінен» сыйлықтар сатып алып отырды.

«Пойман за чтением» фото көрмесі де үлкен еңбектің жемісі. Оқырмандарымызды байқаусызда фотоға түсіріп алып отырдық. «Кітапхана түні» күні өз фотоларын көргендер таң қалып жатты.

Неше жылдан жалғасып келе жатқан жұмыс түрі – буккросинг. Буккросинг қозғалу, алмасу дегенді білдіреді. Бұл бұрышта оқырмандар өздері оқып болған кітаптарын қойып басқа кітаптарды алып отырады. Яғни ешбір кітап бұрышта қалып қоймай оқығысы келетін адамның қолына барады.

Кеш соңында Ғ.Жұбанова атындағы БӨМ ұстаздары мен оқушылары «Музыкальные мелодии и ритмы» атты концерттік бағдарлама қойып, көңілімізді ән мен күйге бөледі.

«Кітапхана түні» акциясына қатысып, өз қызығушылықтарын танытқан қала тұрғындарына, ақындарымызға, ардагерлер алқасына, Ғ.Жұбанова атындағы БӨМ-не, тұрақты оқырмандарымызға деген алғысымыз шексіз. «Кітапхана түні» акциясын жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырамыз деген үміттеміз.

А. ЖАНСАГИМОВА,
кітапхананы дамыту бөлімінің жетекшісі



«Кітапхана түні» акциясы – оқуды қолдауға бағытталған ауқымды жағынан көлемді шара. Бұл түні кітапхана әдеттен тыс уақытта өз есігін айқара ашып, оқырмандары үшін ерекше форматта қызмет көрсетеді.

«Кітапхана түнінің» негізгі мақсаты - кітап кеңістігі мен оқуды дәріптеу үшін кітапхана мен оқырманның күшін біріктіру, тұлғаның бос уақытын өткізудің жаңаша түрлерін ұйымдастыру, жастарды оқуға баулу болып табылады.

Кешкілік сағат 18.00-21.00 аралығында өткен акцияға 120-дан артық оқырман қатысты. «Кітапхана түнінің» кітапхана директоры Қадырова Гүлнар Шайзулловна ашып берді. Қонақтарды есік алдынан күтіп алып, бағдарламалар ұсынылды. Одан кейін әр аймақ оқырмандар өз қызметтерін көрсетті.

«Сиқырлы жол» аймағында оқырмандарымызды кітапханашы М.С Муханова мен «Әдеби салон» жетекшісі Елефтериادي Иван Антонович, қаламыздың ақындары Т.Ю Дубовская, О.В Воротынская, В.А Логвищенко, В.В Хренников, А.В Сергеев, бард Ю.В Ходыревтар қарсы алды. Викториналық сауалдар қойылып, жас талантты ақындарымыздың шығармашылығы талқыланды.

«Әдемілік өз қолымызбен» («Красота своими руками») аймағында кітапхана қызметкерлері С.И Мерзликина мен И.Байтөлеу, оқырманымыз К.Дроб мастер-класс өткізді.